

Жұмысы – өмірінің айнасы

Әрбір кәсіпорында өзінің кәсібіне адал, ісіне берілген, өзі еңбек еткен ортамен біте қайнасып кеткен адамдар болады. Олардың өзі жұмыс істейтін кәсіпорынға екінші үйіндей бауыр басып кететіні де сондықтан. Солардың бірі «Болат Нұржанов атындағы МАЭС-1 станциясы» ЖШС-нің шаруашылық меңгерушісі Мәдина Суханқұлова десек, артық айтқандық болмас.

Д.ЕРҒАЗИНА

Станцияға кіріп, Мәдинаның кабинетіне бет алғанымызда, дәлізде жұмыскер әйел сынған кафельді ұқыптап алып, дәл сондай жаңасына ауыстырып жатыр екен. Қимылы да жылдам, қолы да епсекті. Станцияға жиі қатынайтын біз ғимаратқа бұдан 3-4 жыл жыл бұрын жөндеу жүргізілгенін әлі ұмыта қойғанымыз жоқ. Артық қалған кафельдердің шыпшырғасын шығармай сақтап, сынған жерлерді бүтіндеп, ғимараттың аяғын тайдырмай отырған Мәдинаны бір қырынан танып, жауапкершілігіне іштей риза болдық.

Үлкен-кішіге ізетті, ақжарқын



Мәдинаның станцияда еңбек еткеніне 10 жылдан асыпты. Әуелде рұқсатнама беретін кезекші бюроға жұмысқа қабылданса, кейін «Жалпыстанциялық жабдықтарды пайдалану» цехында инженер, 2014 жылдың қарашасынан шаруашылық меңгерушілігіне бекітілген.

Мәдинаның ешкімді жатырқамайтын, көпшіл мінезі әрі ұйымдастыру-

шылық қабілеті оның қоғамдық жұмыстарға белсене араласуына да жол ашты. 2010 жылы әріптестері оны «Нұр Отан» партиясы бастауыш ұйымы төрағасының орынбасарлығына сайлады. Облыстық саяси кеңестің мүшесі. Облыстық мәслихаттың депутаты Рысқан Свамбаевтың көмекшісі.

«Өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар», дейді халық даналығы. Мәдинаның еңбексүйгіштігін, жауапкершілігін бағалайтын әріптестері оны ерекше қадір тұтады. «Біздің ұжым тату. Қиналған сәтте көмектесуге әзір тұрады. Мұндай адамдармен жұмыс істеу, әрине, жеңіл», - дейді Мәдина, - әр пәтерге жарықтың берілуі, Қазақстанға ғана емес, көршілес Қырғыз, Ресей елдеріне үздіксіз электр қуатының тасымалдануы кәсіпорындағы өз жұмысына адал, кәсіби мамандардың арқасында деп білемін».

Кәсіпорын демекші, өндірісте ірілі-ұсақты шараларды ұйымдастыру қажет болса, Мәдина Суханқұлова Ж.Хамитова, М.Кивашова, А.Нысанов, Д.Клячин, А.Мұқанова, Г.Шахманова, Ж.Қабиева секілді әріптестерінің қолдауына сүйенеді.

Қайнаған тірліктің ортасында жүріп адамдармен қоян-қолтық араласса, елге аз да болса қуаныш сыйласа, Мәдинаның жаны кіріп қалады. Наурыз мейрамы, Құрбан айт, Жеңіс

күнін мерекелеу, кәсіпорынның қамқорлығындағы №9,11 мектептерге көмек көрсету, «Мектепке жол» акциясы аясында ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қарайласу, ауыр науқасқа шалдыққан балаларға арналған акцияларға жұмыскерлердің назарын аудару секілді шараларда Мәдина Суханқұлованың өзі жүреді. Мұндайда Мәдина үшін қайсыбіреулер сияқты көз алдау жат. Ол іске жан-тәнімен кірісіп, соңына дейін жеткізеді. Бір сөзбен айтқанда, мұнда ол араласпайтын мәселе жоққа тән. Қашанда қарақан басынан гөрі өзгенің жүзі жарқын болуына ұмтылатын Мәдинаның оны өз ортасына сыйлы еткен де осы болмыс-бітімі.

Жұмыста еңбегімен көзге түскен Мәдина – екі қыздың анасы. Қызы Индира – заңгер, Динасы – қаржы саласының маманы. Өсіп келе жатқан сүйікті жиендері де оны қуанышқа бөлейді.

«Бала кезімде заңгер болуды армандаған өдім. Бірақ тағдыр мені қаржы саласына алып келді. Осы мамандықты таңдағаным өкінбеймін. Ең бастысы, менің сүйікті кәсібім қиын әрі жауапкершілікті талап етеді. Мен мұнда көптеген жақсы адамдармен достастым. Менің жұмысым – менің өмірімнің айнасы, - дейді Мәдина Суханқұлова».